

8 март көшесін Бексұлтан Байкенжеевтың атына өзгерту туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Аққорған ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 26 қарашадағы N 263 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жаңақорған аудандық Әділет басқармасында 2010 жылы 15 желтоқсанда N 10-7-121 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағын, 37 бабының 3 тармағын, "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармағын және аудан әкімі жанындағы ономастикалық комиссиясы мәжілісінің 27.10.2010 жылғы № 3 хаттамасын орындау мақсатында

Ш Е Ш Е М І Н :

1. Аққорған ауылдық округіндегі 8 март көшесі, Жаңақорған ауданының мақтанышы, Қазақстанға белгілі композитор "Бексұлтан Байкенжеев" атындағы көше
б о л ы п ө з г е р т і л с і н .

2. Осы шешім әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді, ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

"Аққорған" ауылдық округінің әкімі: *Н. ПҮСТЕМОВ*